

Мұндағы жеке бірліктердің өзі дербес категория, әрі басқа түзілімдермен өзара сабақтастықта болады. Осындағы жүйелі қатынасты зерттеу, анықтау, ұғу арқылы ән мәтіні дейтін эстетикалық-танымдық ғажайып құбылыстың әлі ашылып болмаған соны қасиеттерін түсінуге ықпал етеді.

Қорытынды. Ән мәтінінің когнитивтік семантикалық компоненттерінің биігінде әлем туралы индивидуальды-авторлық концепция тұрады. Себебі қандай да болмасын шығарма да объективті әлемнің субъективті бейнесі жатады. Мұндағы ән мәтіндерінде автордың жеке басындағы жағдаяттар, мінезі, көңіл күйі, ішкі жан әлемі, әлемді танудағы танымдық түйсінуді мәтін мазмұнына тікелей немесе жанама түрде қатысады. Осы арқылы әлем бейнесі ән мәтіні арқылы танылып, тілдік бірліктер арқылы түзіледі. Ән мәтіндеріндегі «ән-сөз-әнші» бірлігінің өзара тұтасып, иерархиялық жүйеге негізделіп, виртуальды кеңістікпен ән арқылы байланысқа түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Торайғыров С. Таңдамалы. Кереку-Баян өңірі ақын-жазушыларының антологиясы. Павлодар, 2011.

2 Ахметов З. Поэзия шыңы – даналық. – Алматы, Қазақ университеті, 2009. – 368 б.

3 Шалабай Б. Мәтін прагматикасы // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. № 60. - Алматы, 2002. - 130-132 б.

4 Шапаев Т. Ой түбінде жатқан сөз. – Алматы, Жазушы, 1989. – 192 б.

Reference:

1 Toraiǵyrov S. Tañdamaly. Kereku-Baian öñiri aqyn-jazuşylarynyñ antologiasy. Pavlodar, 2011.

2 Ahmetov Z. Poezia şyñy – danalyq. – Almaty, Qazaq universiteti, 2009. – 368 b.

3 Şalabai B. Mätin pragmatikasy // QazÜU habarşysy. Filologia seriasy. № 60. - Almaty, 2002.-130-132 b.

4 Şapaev T. Oi tübinde jatqan söz. – Almaty, Jazuşy, 1989. – 192 b.

МРНТИ: 16.01.07

Жиренов С.А.¹ Касенов Е.²

^{1,2} *Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан*

ДҮНИЕНІҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІНДЕГІ ОРНИТОЛОГИЗМДЕРДІҢ КОНЦЕПТІЛІК МӘНІ

Аңдатпа

Мақалада дүниенің тілдік бейнесіндегі орнитологизмдердің концептілік мәні антропологистикалық аспектіде қарастырылып, құстардың этнос мәдениетіндегі орны қоғамдық-әлеуметтік, этномәдени факторлармен сабақтастықта қарастырылады. Этнос мәдениеті мен адам дүниетанымындағы орнитологизмдер туралы таным әлемі, салт-санасы, қоршаған ортасы мен ғасырлар бойы жинақтаған іс-тәжірибесі, рухани өресі т.б. экстралингвистикалық факторлармен сабақтастықта қарастырылады. Дүние бейнесіндегі «Құс» концептісі адамзаттық құндылық ретінде бағаланып, антропологиялық танымның, этникалық ерекшелік ретінде көрсетіледі. Дүниенің тілдік бейнесіндегі орнитологизмдер әлемді тануға, этнос мәдениеті мен этноқауымдастық өкілдерінің дүниетанымын концепт негізін көрсетуге болады. Дүниенің тілдік бейнесіндегі орнитологизмдердің концептілік мәні тілдік танымдық бірліктер арқылы «Табиғат–Адам–Құс» контекстінде, ұлттық дүниетаныммен, этностың мәдениетімен сабақтастыра әр қырынан алып қарастырудың маңызыдылығы көрсетіледі.

Түйін сөздер: дүние бейнесі, дүниенің тілдік бейнесі, орнитологизм, концепт, тілдік бірлік, этнос, т.б.

Zhirenov S¹., Kasenov Y.²

^{1,2}*KazNPU of Abay,
Almaty, Kazakhstan*

THE CONCEPTUAL IMPORTANCE OF ORNITHONYMS IN THE LANGUAGE PICTURE OF THE WORLD

Abstract

The article discusses the conceptual importance of ornithonyms in the linguistic picture of the world in an anthropolinguistic aspect. The role of birds in the culture of an ethnos is considered in conjunction with social and ethnocultural factors. The culture and knowledge of the ethnos about ornithonyms accumulated by the ethnos over the centuries, its spiritual life is considered in continuity with extralinguistic factors. The concept of “Bird” in the picture of the world is evaluated as human value and reflects the ethnic specificity of anthropological knowledge. Ornithology in the linguistic image of the world on the basis of the concept can reveal the knowledge of the world by an ethnos, the culture of an ethnos and the worldview of representatives of an ethnographic association. The conceptual significance of ornithology in the linguistic picture of the world is reflected in the context of “Nature – Man – Bird” through linguistic cognitive units, in combination with a national worldview and ethnos culture.

Keywords: the picture of the world, linguistic picture of the world, ornithology, concept, linguistic unity, ethnos etc.

Жиренов С.А.¹ Касенов Е.²

*^{1,2}КазНПУ им. Абая,
Алматы, Казахстан*

КОНЦЕПТУАЛЬНОЕ ЗНАЧЕНИЕ ОРНИТОЛОГИЗМОВ В ЯЗЫКОВОМ ОБРАЗЕ МИРА

Аннотация

В статье в антрополингвистическом аспекте рассматривается концептуальное значение орнитологизмов в языковом образе мира. Роль птиц в культуре этноса рассматривается в взаимосвязи с общественно-социальными и этнокультурными факторами. Культура и познание этноса об орнитологизмах накопленные этносом на протяжении веков, его духовная жизнь рассматриваются в преемственности с экстралингвистическими факторами. Концепт «Птица» в образе мира оценивается как человеческая ценность и отражает этническую специфику антропологического познания. Орнитологизм в языковом образе мира на основе концепта может выявить познание мира этносом, культуру этноса и мировоззрение представителей этнообъединения. Концептуальное значение орнитологизмов в языковом образе мира отражается в контексте «Природа–Человек–Птица» посредством языковых когнитивных единиц, в сочетании с национальным мировоззрением и культурой этноса.

Ключевые слова: образ мира, языковой образ мира, орнитология, концепт, языковое единство, этнос и др.

Кіріспе. Антропоцентристік лингвистикадағы «дүние бейнесі», «дүниенің тілдік бейнесі» категориялары тілдің әлеммен сабақтастығын көрсететін басты мәселелердің санатына жатады. Дүниенің тілдік бейнесі жалпылық (абстракциялық) және жалқылық (конкреттілік) сипатқа ие. Дүниенің тілдік бейнесінің жалпылығы адамзат баласына ортақтығы, адам баласы ортақ физикалық кеңістікте мекен етуі, белгілі бір уақыт пен кеңістік аралығында өмір сүргендіктен, тіл арқылы өзара қарым-қатынас құруы оның абстрактілік сипатын көрсетеді. Дүниенің тілдік бейнесінің жалқылығы жалпылықтан шығады. Дүниенің тілдік бейнесінің жалқылығы этникалық, мәдени, генетикалық, діни, климаттық, өмірлік дүниетанымына сәйкес ерекшеленеді.

Дүние бейнесінің жалпылығы мен жалқылығы өзара қатар жүретін, бірін-бірі толықтырып отыратын, бір-бірімен сабақтас, бір-бірімен қаншалықты шектессе, бір-бірінен соншалықты дербестікке ие категориялар. Тіл арқылы адам баласы дүние бейнесін әралуан кейіпте көре алады. Ол тілдің дүниедегі заттар мен құбылыстарды тіл арқылы таңбалауына тікелей байланысты. Адам баласының тіл арқылы таңбалаған заттары әлемнің тілдік бейнесінен орын алады. Тіл арқылы таңбаланған дүние адамның таныған әлемі. Адамның таныған дүниесі сөз жоқ тілден орын алады. Тілден орын алған дүние белгілі бір атауға (номинация) ие болады. Демек, тілден тысқары адамның өзін қоршаған ортада атаусыз қалған, таңбаланбай қалған дүние кемде кем. Ал, әлемде тіл арқылы таңбаланбай қалған дүние адамның әлі танып болмаған құбылысы болып саналады.

Зерттеу материалы. Әдістемесі. Дүниенің тілдік бейнесін антропологистика ғылымының салалары арқылы көрсетуге болады. Дүние бейнесі мен дүниенің тілдік бейнесін зерттеуде әлемдік лингвистикада Г.Герц, Г.В.Колшанский, М.Хайдегер, А.А.Леонтев, О.Д.Ивицкая, Д.С.Лихачев, В.А.Маслова секілді ғалымдардың еңбектерінде әралуан аспектіде қарастырылса, қазақ лингвистикасында Ә.Қайдар, З.Ахметжанова, К.Хұсайын, Ж.Манкеева, Э.Сүлейменова, Н.Уәли, Б.Қалиев, Ғ.Қалиев, Г.Смағұлова, С.Сәтенова, Г.Сағидолда, Г.Қызырхан, А.Ислам, Қ.Есенова, т.б. ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты қарастырылған.

Дүние бейнесінде адамның әлем туралы аялық білімі мен тілдік тұлғаның әлемді қабылдауымен қатар санадағы концептуалдау әрекеті көрініс табады. Қазақ тілтаным ғылымында дүниенің тілдік бейнесі әралуан аспектіде қарастырылу үстінде. Қазақ халқының дүние бейнесін танудағы этникалық ерекшеліктерінің бірі ретінде, өзін қоршаған әлемді тану барысында табиғаттың бір бөлшегі орнитологизмдер арқылы да әлем бейнесін өзінше таниды. Құстар мен құстар әлемі – табиғаттың ажырамас бір бөлшегі, хайуанаттар әлемінің байлығы. Қазақ халқы құстар әлемімен өзара жақын дәрежедегі қатынаста болған. Қазақ этносының этникалық мәдениетіндегі жеті қазынаның бірі – «Қыран бүркіт» болса, бүркіт – құстар тобына жатады. Қазақ дүниетанымындағы құстар табиғаттың бір бөлшегі ғана емес, ұлттық құндылықтар жүйесінің бірінен саналған. Құстардың етін жеп (*Ұлы тауға шықтың ба, ұлар етін жедің бе*), жүнін жастық еткен (*Құс жастыққа жаспанып*), саятшылыққа салып (*Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап*) аң аулап, әуелетіп әнге қосып (*Сайрайды бұлбұл әнін тамылжыта*), күн райын болжап (*Қарлығаш жер бауырлап ұшса, күн жауын шашынды болады*), ертегі қосып айту (*құстар арқылы жасалған ертегілер*) арқылы кешегіні бүгінге, бүгінгіне ертеңге жалғап, құс пен адам арасындағы байланыстың тілдегі құндақталған (түйілген) білімді (код) ашу арқылы этностың әлем туралы түсінігін тануға болады.

Дүние бейнесін тану дегеніміз адам баласы өзін қоршаған орта, он сегіз мың ғалам, ақиқат әлем туралы санадағы білімдер жиынтығын айтамыз. Мұндағы білімдер жиынтығы тілдік/тілдік емес білім, дүниелік білім, өмірлік білім, діни білім, кәсіптік білім, т.б. көптеген формаларға негізделеді. Білім формаларын адам баласы ақиқат өмірде пайдаланады. Дүние бейнесі дегенде қандайда бір реалиге негізделген ақиқат әлем деп те тануға болады. Ақиқат әлем бейнесі тіл арқылы таңбаланғандықтан, ақиқат әлемді дүниенің тілдік бейнесі деп те атауға болады. М.Планк дүниенің бейнесін екіге бөліп қарастырады:

1. Дүниенің практикалық бейнесі – адамның қоршаған орта туралы өз тәжірибесі арқылы жинаған білімі, әлемге деген өзіндік көзқарасы;

2. Дүниенің ғылыми бейнесі – өмірдің шынайы, яғни реальді бейнесі. Ол жалпы адамзаттың не жеке тұлғалардың ойлауынан тәуелсіз болады [1,48]. Дүние бейнесі әралуан құбылыстарға толы кеңістік. Ол жай ғана кеңістік емес, әр ғылым саласының зерттеу объектісіне тірек болған нысаналы кеңістік. Лингвистикалық тұрғыдан келгенде дүние бейнесі сөздер мен заттар әлемінен тұратын, тілдік кеңістік. Ақиқат әлемдегі кеңістік пен уақыт аралығындағы құбылыстар дүние моделін (ғалам бейнесі, ғаламның тілдік бейнесі, ғаламның мифологиялық бейнесі, ғаламның діни бейнесі, ғаламның паремеологиялық бейнесі, ғаламның ертегілік бейнесі, ғаламның концептуалды бейнесі, ғаламның ғылыми бейнесі, т.б.) түзеді. Мұндағы дүние моделінің барлығы тілмен тікелей байланыстағы фрагменттер (дүние үзіктері).

Дүниенің тілдік бейнесін танудың бір жолы концептілік құрамдас компоненттерменен, концептілік бірліктердің мазмұнын тарқату арқылы білуге болады. Дүниенің тілдік бейнесінің бір бөлшегін орнитологизмдер құрайтын болса, тілдегі орнитологизмдерге концептілік талдау жасау арқылы дүниенің тілдік бейнесі көрінеді. Бұл ойымыздың дәлелі ретінде профессор Н.Уәлидің: «Әрбір тіл дүниені өзінше жүйелеп бөледі, яғни оны концептуализациялаудың өзіне тән тәсілдері болады. Ақиқат дүниедегі заттарды, құбылыстарды, уақиғаларды белгілі бір концептіге топтастырады. Бұдан шығатын қорытынды: әрбір тілдің өзіне тән дүниенің бейнесі болады. Тілдік тұлға өзінің сөзінің мазмұнын осы тілдік бейнеге сәйкес ұйымдастыруы керек» деген пікірін басшылыққа алуға толықтай ғылыми негізі бар [2, 50].

Нәтижелер. Ұлт мәдениетіндегі дүниенің тілдік бейнесін жасауда орнитологизмдердің өзіндік орны бар. Қазақ тіліндегі құс атаулары лексика-фразеологиялық қабаттан орын алатын, этнографиялық және этнолингвистикалық мәнділігі жоғары, тұрмыстық мәдени материалдық өмірде қажеттілігі жоғары, рухани мәдениетте маңызы зор бірлік. Дүниенің тілдік бейнесіндегі орнитологизмдердің концептілік сипатын көрсетуден бұрын, «Құстың» өзін жеке жалпы атау ретінде макроконцепт тұрғысынан қарастыру арқылы, жекелеген құстардың түрлерін концептілік аяда қарастыруға болады. Яғни, «концепт болатын лексикалық бірліктердің саны шектеулі, кез келген атау сөз, мысалы, одағай,

модаль сөздер, еліктеуіштер концепт бола бермейді. Белгілі бір мәдениет үшін ақиқат дүниедегі ерекше мәні бар құбылыс қана концепт болуы мүмкін. Ондай құбылыс, уақиға, нәрсе, заттың тілде әр алуан атауы болады. Ол атаулар мақал-мәтелдердің, поэтикалық, прозалық мәтіннің тақырыбы болады. Мұндай атаулар өздерін тудырған мәтін, ситуация, білімнің символы, эмблемасы іспетті болып тұрады. Бұлар халықтың жадындағы мәдени дүниеліктер болып табылады» [2, 44].

Дүниенің тілдік бейнесіндегі «Құс» концептісі жалпылыққа ие категория. «Құс» концептісі жалпы адамзаттық және жеке ұлттық сипатқа ие. «Құс» концептісінің жалпы адамзаттық сипаты оның адам баласына ортақтығы. Жер үсті мен аспан астын мекен ететін құстар адам өмірі үшін биологиялық, физиологиялық, этнологиялық, зоологиялық тұрғыдан қажетті мақұлқат. Адам баласы құстарды ең алдымен зоологиялық тұрғыдан таниды. «Құстар – жылықанды омыртқалы жануарлар. Құс – дене тұрқы әртүрлі, мамықты, қанатты, ұшып жүріп тіршілік ететін, еті, жүні пайдалы жәндік. Сулы жерлерді, орман-тоғайды, далалықты, тау бөктерлерін мекендейтін жабайы және қолда ұстайтын асыранды түрлері бар. Жыл құстары көктем туа келіп ұя салады, жұмыртқалап балапан басады, қанаттанған соң қоңыр күзде, қыс түсе жылы жаққа қоныс аударады. Олардың қауырсындары жылуды сақтауға және ұшуға көмектеседі. Олар артқы екі аяқтарымен жүреді, ал алдыңғы аяқ-қолдары қанаттарға айналған. Құстардың барлығы жұмыртқа салады. Құстардың денелері жеңіл болғанымен, мықты және ұшуға ыңғайлы болады. Дегенмен ұшпайтын құстарда кездеседі. Құстар 2 класс тармағына: бір ғана отряды бар кесірткеқұйрықтылар (жойылып кеткен) және 34 отрядқа бірігетін 9 мыңдай түрі (оның 28 отряды осы кезде де кездеседі) желпуіш құйрықтылар немесе нағыз құстар деп бөлінеді. Құстар Арктикадан Антрактика жағалауларына дейінгі барлық табиғи белдемелерде таралған» деген ғылыми энциклопедиялық анықтамаға ие [3].

Құстарды адам баласы материалдық және рухани тұрғыдан да өз қажеттілігіне жаратқан.

«Құс» концептісінің материалдық сипаты. Адам баласы құстың еті мен жұмыртқасын жеп, жүнін жастық еткен. Алайда кез келген құсты жемеген. Құсты адам баласы жеуге жарамды және жеуге жарамсыз, үй құстары және түз құстары деп бөліп қарастырған. Жеуге жарамды құстарға кекілік, қырғауыл, бөдене, дуадақ, қаз, үйрек, ұлар, т.б. және үй құстары тауық, қаз, үйрек, күрке тауық секілді санаулы түрлері ғана жатады. Жеуге жарамды құстардың етін, жұмыртқасын, жүнін адам баласы өзінің қажеттілігіне қарай тұтынған. «Ұлар етін жседің бе, Ұлытауға шықтың ба?» деген сөз өткен дәуірден бүгінге жеткен тілдік дерек. «Жұмыртқаны жегенің, тауықты құрттым денің», «Жерде жатқан жұмыртқа, Аспанда ұшар құс болар», «Табақты үйдің тауығы – Қос жұмыртқа туады», «Түсі аппақ, Тысы қатты-ақ, Екі түрлі уызы, Жесең тәтті-ақ», «Айдалада ақ отау, Аузы мұрны жоқ отау», т.б. поэтикалық бірліктер құстың өндірістік, тұтынушылық сипатын көрсетеді.

Қазақ халқы құстардың жеуге жарамдысы мен жарамсызымен де, үй құстары мен түз құстарымен де тең дәрежедегі қатынаста болған. Қазақ халқының этномәдени кеңістігінде түз құстарына қатысты танымдық ақпараттар көп кездеседі. Қазақ халқы түз құстарын олардың табиғи ерекшеліктері, мекені, жеке қасиеті секілді сипаттарына қарай тани білген. Қанатты құстар жайлы қоғамдық-гуманитарлық бағыттар бойынша академик Ә.Марғұлан алғашқылардың бірі болып, еңбек жазып, кең көлемді мағлұмат берген болатын. Қазақ халқы түз құстарын тұяқты құстар және желбезін құстар деп екіге бөлген. Тұяқты құстар – жемтігін тұяғымен табады. Тұяқты құстар өз ішінен керексіз заттылар және қыран құстар деп те бөлінеді. Осылардың ішіндегі қыран құстар тобы этнос мәдениетіне етене жақын. Қазақ халқы қыран баптап, құс салып, аң аулап, саят құрып тіршілік еткен. Ертеректе этностың қыран баптап, құс салу күнделікті кәсібі, тіршілігінің тірегі болса, бұл күндері қыран баптау атадан балаға жалғасқан өнер ретінде мұра боп болған.

«Құс» концептісінің руханилық сипаты. Ұлт мәдениетінде құстарды материалдық тұрғыдан ғана тұтынбай, рухани әлеміндегі кеңістікте де пайдаланылған. Этностың рухани әлеміндегі құстарға қатысты танымдық ақпараттар өте көп кездеседі. Мәселен, құстарға қатысты аңыз-әңгімелер мен ертегілер (*Қарлығаш пен дәуіт*, *Алып қара құс – Самұрық*, *Бақыт құсы*, т.б.), халық әндері мен дәстүрлі әндер («*Саядағы бұлбұл-ай*»), «*Ақ Сұңқар*»), «*Балапан қаз*», «*Бозторғай*», «*Бұлбұлым*», т.б.), құстарға қатысты паремаологизмдер (*Қара құс қайырғанмен бүркіт болмас; Бүркіт қартайған соң тышқанышыл болады; Қыран құс қисық ұшып, түзу іледі; Сарала қаз көлін сағынар; Отансыз - адам, ормансыз – бұлбұл; Ұшқан құстың жолы жоқ, Өтірік сөздің түбі жоқ*, т.б.), құстарға қатысты фразеологизмдер (*Аспандағы құс ұшуын, жел есуін тоқтатты; Аузымен құс тістеген; Адам қандай қайырылды; Биті торғайдай, мойны ырғайдай*, т.б.), құстарға қатысты көркем әдебиеттерде прозалық және поэзиялық шығармаларда (*Кенен Әзірбаевтың «Бозторғай», С.Сейфуллиннің «Аққудың айырылуы», Т.Жароковтың «Торғай», М.Мақатаевтың «Аққулар*

ұйықтағанда», Т.Әлімқұловтың «Көк қаршыға», Ш.Мұртазаның «Қырғи мен құладын», Ш.Айтматовтың «Ерте келген тырналар», Қ.Жұмаділовтің «Аққуды атпас болар», М.Шахановтың «Бөдене таланттар мен қажымұқандар», А.Сейдімбектің «Бүркіт», Е.Жақытбековтің «Тазқара құстың тағдыры», С.Досановтың «Сыңсып ұшқан сыңар аққу», Ж.Нәжімеденовтің «Қос қоңыр қаз», Е.Раушановтың «Құстар мен періштелер», М.Рәшиттің «Көкек пен көкекшілдер», Т.Нұрмағанбетовтің «Ауған құстар», Н.Дәутаевтың «Қоңыр қаз», Т.Жексенбайдың «Қыран туралы хикаялар», Маралтайдың «Қарлығаш», Б.Сарыбайдың «Қараторғай» т.б.) кездеседі. «Құс» концептісі этностың рухани кеңістігінен үлкен орын алуы құстарды макроконцепт ретінде тануға мүмкіндік береді.

Қазақ мәдениетіндегі құстар этностың күнделікті тұрмыстық өмірімен де біте қайнасып кеткен. «Құс» концептісі этностың күнделікті салт-дәстүрлері мен ырым-тиымдарынан да өзіндік орын алады. Қазақ мәдениетіндегі сал-серілер мен жас балалардың бас киімдеріне үкі тағуы, адамды бөтен кісінің яки сырт көздің сұқ көзі мен суық сөзінен сақтау үшін қолданылған. Сондай-ақ, домбыра мен бесіктің басына, жүйрік аттың маңдайына, бүгінгі күндері көліктің ішіне үкінің қауырсынын тағу үрдісі күні бүгінге дейін ел ішінде сақталған. Бұл дегеніміз «Құс» концептісінің киелілік сакральдылық сипатқа ие болатындығын көрсетеді. Қазақ халқы үшін ең киелі саналатын заттар баскиім яки бөрік, домбыра мен бесік, жылқы жануарына үкілеп (қастерлеп) үкі тағуы, киенің де киесі барын көрсетеді. Қазақ халқы бас киімді белден биік ұстаған, домбыра мен бесікке орын босағадан емес, төрден тиген. «Ер қанаты – жылқы» деп санаған халық хас тұлпарды үлкен аламанға қосарды, бас бәйге үшін емес, жылқының амандығына бола үкі тағып дүбірге қосатын болған. Міне, бұлардың барлығында киелі құс үкінің қауырсынының қатысуы құстардың сакральды сипатқа ие екендігін білдіреді.

«Құс» концептісіндегі киелілік үкімен ғана шектелмеген. Киелі құстардың санатына «Аққу», «Қарлығаш», «Көгершін», т.б. секілді қанаттыларда өзіндік культтық сипатқа ие болады. Құстардың бойындағы киелілікті этнос мәдениеті белгілі бір наным-сеніммен, тарихи жағдаятпен, көзге көріне бермейтін биоэнергиямен, психофизиологиямен сабақтастықта қарастырған. А.Ж.Жақсылықовтың пікірінше: «Киелілік – магиялық жанрларда, құран мәтіндерінде, шақыруларда, жоралық өлеңдерде құдайлар аттарының, перілердің, адами емес одақтастардың, перілердің немесе табуда жанама айтылған құрылымдардың, жобалап айтудың, семантикалық негізі бар басқа да белгілердің қатысуы болып табылады. Сөз киелілігі адами емес күштермен рухани қарым-қатынас жасауды көздейді немесе мұндай қарым-қатынастың бар екендігін білдіреді» [4].

«Құс» концептісі адамның адамдық белгісінің формуласы саналатын дінде де өзіндік орны бар. Дінде адаммен қатар қанаттылардың да жаратылуының өзіндік діни астары бар. Діни тұрғыдан келгенде жанды мен жансыздың, тірі мен өлінің, адам мен табиғаттың, жер мен көктің, аң мен құстың жаратылысы өзара үйлесімділікке негізделетіндігін байқауға болады. Діндегі құстардың орны туралы мәселені қозғағанда дініміз Ислам, Пайғамбарымыз Мұхамед ғ.с. болғандықтан, әлемдік діндер тұрғысында емес, мұмылман дінінің аясында сөз өреміз. Мұсылман дінінде «Құс» концептісі жер үсті мен аспан астын мекен еткен Алла Тағаланың ерекше бір жаратылыстарының бірінен саналады. Хақ Тағаланың жаратқан жандыларының әрқайсысының ешкімде жоқ өзіне ғана тән ерекшеліктері бар болса, құстардың да сондай ұшып-қону қабілеті өздеріне ғана тән. «Құран Кәрімде «Құстар» туралы Нәхл сүресінің 79-аятында: «Олар аспан кеңістігінде Алланың әміріне, орнатқан заңдылықтарына толық бағынған күйде самғап ұшқан құстарға зер салып қарамай ма? Олардың сол кеңістікте Алладан басқа ешкім құлатпай ұстап тұрған жоқ. Өлбетте, осының өзінде иман ететін қауым үшін көптеген белгілер, дәлелдер бар» делінеді. Құранда: «Төбелерінде қаз-қатар тізіліп, қанат қағып, ұшқан құстарға зер салып қарамай ма? Оларды әуеде Рахманнан басқа ешкім ұстап тұрған жоқ. Күмәнсіз, Ол барлық нәрсені толық көріп тұрады» дейді. Сондай-ақ, Құранда: «Біз расында да, Дәуітке өз тарапымыздан артықшылық бердік. Сөйткіште: «Уа, таулар, онымен бірге Алланы («Сен – мінсізсің, кемшілік атаулыдан адасың, серігі жоқ жалғыз Құдайсың», – деп, өз тілдеріңмен) ұлықтандар», – дедік, құстарға да соны бұйырдық...» деген аяттан Дәуіт пайғамбармен бірге таулар мен құстардың жарыса зікір еткенін көреміз. Алла Тағаланың ақылсыз аң-құстары кей сәттерде ақылды адамдарға өнеге болады. сол себепті де болса керек пайғамбарымыз ешкімге алақан жаймай, Аллаға тәуекел етіп, өз еңбегін сауған жандарға құстарды мысал етіп: «Егер сендер Аллаға шынайы тәуекел еткендеріңде құстарды рызықтандырғандай рызықтандыратын еді. Олар таңсәріден аштан аш ұшып шығады да, кешке бөтекесін жемге толтырып қайтады» дейді.

Құранда кездесетін құстың бірі – Қарға. Қарға туралы Құранда: «Адам Атаның Абыл (Набил) мен Қабыл атты екі ұлы болған екен. Абылдың ақжүректілігі мен жайсаң жанына және де басқа да артықшылықтарына іштарлықпен қараған Қабыл одан қалай құтылудың жолын қарастыра бастады. Ақыры қызғанышы шегіне жетті де, Ібілістің кеңесіне жүгінген Қабыл Абылдың басын таспен езіп өлтіреді. Бұдан соң бауырының мәйітін қайда қоярын білмей әбден састы. Бұрын-соңды мұндай жағдайды басынан өткермеген ол мәйітті ұзақ уақыт жерлемей сақтап жүрді. Күндердің бір күні бір қарғаның жерді тұмсығымен шұқып қазып, әлденені көміп жатқанын таңдана қарап тұрады да: «Әттеген-ай, осы бір қарға құрлы бола алмаған екенмін ғой», - деп өкініштен өзегі өрттей жанды. Қарғадан көргенін жасаған ол жерді қазып, бауырының денесін жер қойнына тапсырады. Содан бері адамзат тарихындағы алғашқы өлім дәмін татқан кісі – Абыл болып есептеледі. Ал, адам баласының мәйітті жерлеуді үйренуіне дәнекер болған құс – қарға» [5]. Жалпы «Құс» концептісімен қатар жекелеген құстардың дінде өзіндік орны бар. Яғни, өмірдегі жанды мен жансыздың бәрі Алла Тағаланың назарынан тысқары емес екендігін көруге болады.

Талқылау. «Құс» концептісінің ғылыми орнитологиялық байламы. Құстар туралы ғылыми байламды «Орнитология» атты құстар әлемін арнайы зерттейтін зоология ғылымының бір саласы бар. Құстар туралы орнитологиялық ғылыми сөзді Б.Е.Есжанов, С.С.Көбегенова, С.Т.Нұртазин атты орнитолог мамандардың «Орнитология» атты оқулықтарында: «Құстардың арғы-тегі ертедегі мезозой рептилиялары болған деуге болады. Ең алғаш олар артқы аяқтарымен жүгірген құрлық жануарлары болған. Алдыңғы аяқтары қармалауыш қызмет атқарған. Кейіннен олар ағашта өрмелеп тіршілік етуге көшкен. Секектеп қозғалу нәтижесінде, кейіннен қабыршақтарының ұзаруы әрі бірігуіне байланысты, қалықтап ұшу қабілеті дами бастады. Бұтақтан бұтаққа, ағаштан ағашқа секіріп қалықтау қабілеті пайда болды. Осындай қабілеттің дамуы ұшудың қалыптасуына алып келді. Құстардың алғашқы мекені орман болған. Оған дәлел қазіргі құстардың түр саны және экологиялық топтарының алуан түрлілігі орманды жерлерде көп. Ұшуға бейімделуімен бір мезгілде дене құрылысының көптеген белгілері жетіле бастады, ал қауырсын жабынының пайда болуы гомойотермділік үшін маңызды алғышарт болып табылады» деген анықтама берілген [6,31].

Дүниенің тілдік бейнесіндегі «Құс» концептісінің философиялық мәні. Құс – табиғаттың биологиялық жанды бір бөлшегі. Құстарда биологиялық жағынан туу, өсу, өну, көбею, ұрпақ өрбіту, ауру, өлу секілді физиологиялық сипатқа ие. Құстардың тіршілігі, өмір үшін күресі адам өміріне ұқсас. Сондықтан да адам баласы өз өмірінің бейнесін құстардың әрекеттерімен сабақтастырып беруі дүниенің тілдік бейнесін құстар арқылы суреттеуден туындайды.

Қорытынды. Қорыта айтқанда, дүниенің тілдік бейнесіндегі орнитологизмдердің концептілік мәні – жоғарыда көрсетілген «Құс» концептісінің жалпы адамзат дүниетанымы мен этнос дүниетанымында материалдық, рухани, биологиялық, аксиологиялық, теологиялық, философиялық, мәдениеттанымдық мәнділікке ие. Құстар – табиғат пен адамның арасындағы дәнекер, яки елшілік қызметінің жаршысы секілді сипатқа ие. Дүниенің тілдік бейнесіндегі орнитологизмдердің концептілік мәні мынадай танымдық құрылымдардан тұрады:

- Орнитологизмдер табиғаттағы тепе-теңдіктің жаршысы, биологиялық тіршілік иесі;
- Орнитологизмдер материалдық мәнділікке ие адамзат баласының қажеттілігін өтейтін табиғат сыйы;
- Орнитологизмдер этностың рухани кеңістігіндегі көркем-эстетикалық, тілдік поэтикалық, ғұрыптық этникалық, діни танымдық, т.б. рухани құндылықтарының тірегі;
- Орнитологизмдер табиғаттың байлығы, адамның қамқорлығына зәру, табиғат пен адам арасындағы табиғи теңгерімнің көрсеткіші;
- Орнитологизмдер дүние бейнесінің бір бөлшегін құрайтын, дүниенің тілдік бейнесінің құрамдас компоненті;
- Орнитологизмдер этнос мәдениетіндегі адам характерін бейнелеу мен образын ашуда қолданылатын аллегориялық кейіпкер;
- Орнитологизмдер символдық мәнге ие адам дүниетанымындағы танымдық әлемінің көрсеткіші.

Сонымен дүниенің тілдік бейнесіндегі орнитологизмдердің концептілік мәні – «адам-табиғат-құс» аралығындағы дүние бейнесін тануға, сол арқылы әлем бейнесіндегі орнитологизмдердің орнын көрсетуге болады. Этнос дүниетанымын көрсетуде орнитологизмдердің орны ерекше. Дүние бейнесін тану процесі жалпыадамзаттық сипатта болғанымен, этностың орнитологизмдер туралы концептуалды әлемі, тіл иесі этностың дүниетанымына байланысты ақиқат әлемде әрқелкі

бейнеленеді. Дүниенің тілдік бейнесіндегі орнитологизмдер тұрмыстық, материалдық, шаруашылық, рухани, эстетикалық, поэтикалық, т.б. қажеттіліктерді өтеумен бірге қоғамның әлеуметтік бейнесін көрсететін, аллегориялық яки эстетикалық т.б. қызмет атқаратын болса, оған қатысты салт-дәстүрлер, наным-сенімдер, тыйымдар, аңыз-әңгімелер, поэтикалық образды сөздер, көркем поэтикалық мәтіндер адам баласының ұлттық таным көкжиегін кеңейтіп, адамгершілікке, табиғатты аялауға, гуманизмге, т.б. баулайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Планк М. *Единство физической картины мира.* – М., 1966. 203 -с.

2 Уәли Н. *Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Дисс... филол. ғыл. док., -Алматы, 2007, -326 б.*

3 <https://kk.wikipedia.org/>

4 Жаксылыков А.Ж. *Образы, мотивы и идеи с религиозной содержанием в произведениях казахской литературы. Типология, эстетика, генезис. Алматы “Қазақ университеті”, 1999. -422 с.*

5 *Құстар жайлы құранда айтылған қызықты деректер // <https://stan.kz/>*

6 Есжанов Б.Е., Көбегенова С.С., Нұртазин С.Т. *Орнитология: Оқулық.* – Алматы: «Дәуір», 2011. – 272 б.

References:

1 Plank M. *Edinstvo fizicheskoi kartiny mira.* – M., 1966. 203 -s.

2 Uäli N. *Qazaq söz mädenietiniñ teorialyq negizderi. Diss... filol. ғыl. dok., -Almaty, 2007, -326 b.*

3 <https://kk.wikipedia.org/>

4 Jaksylykov A.J. *Obrazy, motivy i idei s religioznoi sodержatelnoştü v proizvedeniah kazahskoi literatury. Tipologia, estetika, genezis. Almaty “Qazaq universiteti”, 1999. -422 s.*

5 *Qūstar jaily qūranda aitylğan qyzyqty derekter // <https://stan.kz/>*

6 Esjanov B.E., Köbegenova S.S., Nūrtazin S.T. *Ornitologia: Oqulyq.* – Almaty: «Däuir», 2011. – 272 b.

МРНТИ 16.01.11

Жылқыбай Г. Қ.,¹ Абдукамалова Э.С.²

¹ Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан, Қазақстан

² Қазақстан республикасы Қарулы күштері Әскери-тарихи музейі,
Қазақстан, Астана

СЕПТЕУЛІК ШЫЛАУЛАРДЫҢ АРМЯН ЖАЗУЛЫ ЕСКЕРТКІШТЕРДЕГІ ҚОЛДАНЫСЫ

Аңдатпа

Түркі тілдерінің, әсіресе қыпшақ тілдерінің тобына жататын қазақ тілі тәрізді тілдердің тарихын танып біліп зерттеу үшін олардың тарихи-салыстырмалы грамматикасы, әр тілдің өзіне тән тарихи грамматикасын жазуда ескі қыпшақ тілдерінің жазба ескерткіштері материалдары негізінде зерттеу жұмыстарын жүргізудің маңызы зор. Басқа сөз таптарының мәселелеріне байланысты қалыптасқан тұрақты теорияларға шылау сөз табының ие болуы қазақ тіл білімі, қала берді түркология үшін аса маңызды, әрі өзекті мәселелердің бірі саналады. Қазіргі қазақ тілінде шылау сөз табы аз зерттелінгені анық. Шылау сөздердің қалыптасу, даму тарихын зерттеп-зерделеуде орта ғасыр жазба ескерткіштерінің, оның ішінде армян жазуымен жеткен қыпшақ тіліндегі жазба мұралардың да орны айрықша. Осындай тарихи жазба ескерткіш материалдарына сүйене отырып, шылау сөздердің ерекшеліктерін айқындау мақала тақырыбының өзектілігін танытады.

Түйін сөздер: септеулік шылаулар, түркі тілдері, шылаулардың ерекшеліктері, жазба ескерткіштері, қыпшақ тілдері